

Талғар ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін арттыру туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Талғар аудандық мәслихатының 2021 жылғы 16 шілдедегі № 10-37 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылы 11 тамызда № 23954 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Талғар аудандық мәслихатының 2022 жылғы 4 наурыздағы № 21-72 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Талғар аудандық мәслихатының 04.03.2022 № 21-72 шешімімен (2022 жылдың 01 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 509-бабының 5-тармағына сәйкес, Талғар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Талғар ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері он есеге арттырылсын.

2. Осы шешім 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Талғар аудандық мәслихатының
хатшысы*

М. Алибеков